

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АЙМАҒЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДІ ДАМУДЫҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Турсын Еркебулан Сериккалиулы

mr.happyorator@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультетінің 1 курс докторанты
Ғылыми жетекшісі – А.Хойч

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін индустрияландыру мақсатында мемлекеттің іс-қимылы екі негізгі міндетті шешуге бағытталған. Оның біріншісі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, екіншісі – экспортқа бағдарланған өндірісті дамыту және экспортты әртараптандыру. Қазіргі таңда елімізде агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларының нарықтық қарым – қатынас жағдайында еркін дамуына табиғи – экономикалық потенциалдық мүмкіндіктер мол. Егерде осы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалансақ елімізді азық – түлікпен өндірістерді шикізаттармен қамтамасыз етіп қана қоймай көптеген ауылшаруашылығы өнімдерін шет мемлекеттерге шығарып сатуға жағдайлар бар. Ауыл шаруашылығын дамыту маңызды мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешенді оның өнімділігін, салаларының табыстылығын өсіру, отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік басымдылықтарын дамыту есебінен өркендету қажет. Ауыл шаруашылығы – біздің ата кәсібіміз, қанымызға сіңген қасиет. Алайда алдағы кезеңде ауыл шаруашылығында атқарылар шаруалар әлі де баршылық. Республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы және ол экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіпті дамыту, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Көптеген жылдар бойы өнімді еңбекке ынталандыру тетіктерін жете пайдаланбағандықтан аграрлық салада терең дағдарыс қалыптасты. Аймақтық ауыл шаруашылық кешендері халық шаруашылығына бағытталған ауыл шаруашылық кешендерін жүйесін құрап, экономикалық, аймақтық және тағы басқа жағдайларды ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, дайындау, сақтау, өңдеу және жүзеге асыру бойынша және ауыл шаруашылығында қызмет көрсету бойынша жұмыстарымен айналысатын технологиялық, экономикалық және ұйымдастыру бағытында біріккен кәсіпорындардың жиынтығын құрайды. Аймақтық ауыл шаруашылық кешендерінің негізгі қызметтеріне ауылдың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу мақсатында азық – түлік өнімдерін өндіру мен жүзеге асыру жатады. Олардың қалыптасуының негізгі ерекшеліктеріне еңбектің аймақтық бөлістірілуі жатады. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту, Республиканың аграрлық секторы бәсекелестік күресте табысты пайдаланылуы мүмкін бірқатар артықшылықтарға ие болып отыр. Пайдалы жерлердің орасан зор ауданының, біліктілігі жоғары кадрлардың болуы, өнімнің экологиялық тазалығы, шикізат өндірісі орындарында қайта өңдеу қуаттарын шоғырландыру өндіріс көлемін арттыруға және салыстырмалы түрдегі өзіндік құны төмен өнім алу үшін экстенсивті факторларды және климаттық жағдайларды барынша молынан пайдалануға мүмкіндік береді. «Қазақстандық кластерлік бастамашылық» жобасының мақсаты - экономиканың бәсеке қабілеттілігін арттыру мен диверсификациялау үшін индустриалдық

негіз құруға келешегі бар кластерлерді анықтау. Осы жоба шеңберінде мемлекет пен жеке секторға өзара сенім мен пайдаға негізделген классикалық әріптестік қарымқатынастарын жаңаша құруға тура келеді, әрі десе, қазақстан-дық бизнестің қалыптасу үрдісі де аяқталып келеді, ол жаһандық рыноктарды бәсекелестік белсенді күрес жүргізуге жетерлік дәрежеде пісіп жетілді де. Шығыс Қазақстан облысында агроөнеркәсіптік кешен қоғамның өмір сүру жағдайын анықтайтын аймақ экономикасының маңызды салаларының бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы салалары адамдарды тек қана азық – түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай халықтың еңбекпен қамтылу деңгейі мен жалпы ұлттық өндірістің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Егін шаруашылығының негізгі өнімдері: дәнді – дақылдар,көкөніс, майлы және бақша дақылдары. Мал шаруашылығының негізгі бағыттары – ет, сүт, жүн, жұмыртқа өндіру болып табылады. Ауыл шаруашылығында белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілген. Агроөнеркәсіптік бағдарлама жемісті түрде жүзеге асырылуда. Оның шеңберінде облыстық ауыл шаруашылығы қарқынды түрде дамып, нарықтық қатынастар нығайды. 2021жылы көрсеткіш біршама өсіп, жалпы өнім көлемі 122,9 млрд. теңгеге жетіп отыр. Ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі үлесті алатын болсақ, егін шаруашылығының жалпы өнімі шамамен 35%, ал қалған 65% үлес мал шаруашылығының есебінде. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы аграрлық саланы дамытуда Елбасының, Үкіметтің тапсырмаларына, Шығыс Қазақстан облысын дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған бағдарламасына, 2020-2025 жылдарға арналған ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту және тағы сол сияқты мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жүргізуде. Бүгінгі таңда бүкіл дүние жүзіндегі дағдарысқа қарамастан, агроөнеркәсіп кешені Ресей, Белоруссия елдері қатысып отырған жаңа Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі және Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына кіру қарсаңындағы талаптарға сәйкес, жаңаша даму үрдісінде. Жыл сайын ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру көлемі артуда. Үстіміздегі жылы Агроөнеркәсіп кешенін қолдау мақсатында барлық көздерден 12,9 млрд. теңге бөлініп, ағымдағы жылдың 10 айында оның 11,8млрд.теңгесі игерілді. Оның ішінде, республикалық бюджеттен 3,2 млрд. теңге субсидия бөлініп, 99,1 пайызы игерілсе, жергілікті бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлінді. ШҚО аграрлық секторында мал шаруашылығының алатын орны қомақты, кең жайылымдары, қолайлы климаттық шарттары осы маңызды саланың дамуына жақсы мүмкіншілік береді. Алайда, бұрынғы өндіріс байланыстарының күйреуі, бағалардың диспаритеті, мемлекеттің сатып алу тәжірибесі жоғалғаны, бұл саланы тиімсіз болып қалғанына әкеліп соқты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, бірқатар кешенді шаралар орындалғанының арқасында, соңғы жылдары мал шаруашылығында тұрақтану мен өсімге қол жеткізілді. Мал басы барлық түрлері бойынша, сондай – ақ ет, сүт, жұмыртқа өндіру жылдан –жылға өсіп келеді. Мал шаруашылығының ауыл шаруашылығының ең кепілді саласы болып саналады, ауа райының қолайсыз шарттарына онша тәуелді емес. Сонымен қатар, жергілікті халықтың дәстүрлі ұлттық саласы болып есептеледі. Сондықтан, мал шаруашылығын дамыту аграрлық саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Мал шаруашылығы, оның бүгінгі жағдайы, аймақтың ерекшеліктер, табиғи – климаттық шарттары ескеріліп, дамуы тиіс. Аймақтың ауыл шаруашылығының барлық саласында өнімділікті қамтамасыз ету үшін саланың әлеуметтік – экономикалық жағдайына көңіл бөлінуі керек. Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің қалыптасқан жағдайы саланың тиімділігін арттыру бойынша шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығы салаларының нақты өнім түрінде өндірілген өнімдерін өңдеу жүйесін дамыту қажет. Еліміздегі ет экспортының әлеуетін көтеріп, мал шаруашылығына шырай кіргізу мақсатында қабылданған «Сыбаға» бағдарламасы аясында үстіміздегі жылы 4700 аналық бас сатып алу жоспарланса, ағымдағы жылдың он айында 4511 аналық бас сатып алынып, бүгінгі күнге жоспар 96,0% орындалды. Жалпы 3 жылдық жоспардың орындалуы126,0 пайызды құрап отыр. Сонымен бірге, елімізде халықаралық талаптарға сәйкес келетін дамыған инфрақұрылымы бар қазіргі заманға сай бордақылау алаңдарын құру белгіленген болатын. Бұл отандық еттің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын арттырып, ет өнімдерінің экспорттық көлемін елеулі түрде өсіретіні белгілі. Осыған

орай, үстіміздегі жылы ШҚО шаруашылықтарында 2100 басқа бордақылау алаңдарын құру белгіленген болса, бүгінгі күнге 2120 басқа бордақылау алаңдары құрылып, жылдық жоспар 101,0 % орындалды. Жалпы аймақтық деңгейде ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде басқару тек мемлекеттік тарапынан жүзеге асырылып отырғандықтан, ауыл шаруашылығы өнім өндірісі енді бой көтеріп келе жатқан салалардың бірі. Ауыл шаруашылығына бөлінген қаржылар нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісі бір шама дамығанымен, әлі күнге дейін шешуін табылмай отырған мәселелер жетерлік. Оған: –ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде өнеркәсібінің баяу дамуы; –ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық жағдайының жоспарланбауы мен бағалау жүргізілмеуі; –лизингтік операциялар жүзінде несиеге ауыл шаруашылығы техникаларын алуда талаптардың жоғарылығы; 223 –ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу каналдарының баяу дамуы. Шаруалар мен ауыл кәсіпкерлерін несие ресурстарымен қамтамасыз ету толық шешілмеген. Олардың мүлкі мен жер телімдерін екінші деңгейлі банктер кепілдікке алмайды. Ауылшаруашылық өнімдерінің басым көпшілігі шағын шаруашылықтарда өндірілсе де, жыл сайын республикалық бюджеттен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы бөлінетін несиелерді тек ірі шаруашылықтар алады. Әрине, келешек ірі шаруашылықтарда, шағын шаруашылықтар іріленуі тиіс. Қазіргі таңда аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ғылым, бизнес және аймақтық биліктің үйлескен әрекеттері арқылы ғана инновациялық дамуды қамтамасыз ете аламыз. Мұны қамтамасыз ету үшін ішкі азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты сақтау мақсатында қабылданған кешенді шараларды жалғастыру қажет. Бұл шараларға әлеуметтік маңызы зор азық-түлік тауарларын өндіруді ынталандыруды, олардың резервін жасақтап, тұрақтандыру қорын құруды, азық-түлік тауарлары бағасының қалыптасу барысын қадағалауды жатқызуға болады. Қайта өңдейтін кәсіпорындар бәсекеге төтеп беретін өнімдер өндіру үшін оларды ең алдымен ауыл шаруашылығы шикізаттарымен қамтамасыз ету қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтаханов Қ. Государственное регулирование развитие сельского хозяйства Республики Казахстан: состояния и проблемы. Монография – Астана. Издательский дом «Акрим групп» - 2008- 365 с.
2. Киреева К, Тлеужанов Е. Главное условие оживления экономики. Финансы Казахстана. № 11, 2009, с.60
3. Омарбакиев Л. Механизм инновационной деятельности в аграрной сфере Казахстана: Материалы конференции «Стратегия экономического развития РК: посткризисный период».- Алматы: КазНПУ им.Абая, 2009. - С.297-301.
4. Омарбакиев Л. Зарубежный опыт поддержки малого инновационного бизнеса: Материалы конференции «Финансово-кредитные аспекты стабилизации и укрепления экономики». - Алматы: Казахстанский университет «Алатау», 2010. - С.153-155.
5. Темирбек Д. Перспективы государственного финансового регулирования экономического развития Республики Казахстан// Вестник КазЭУ. – 2009. - №3.- С. 305-310. - 0,6 п.л.
6. ШҚО инвестициялық порталы, <https://invest.e-vko.kz/kz/>

УДК 33.338.4

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ МОЛОЧНОГО СКОТОВОДСТВА В АКМОЛИНСКОЙ, СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ, КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТЯХ

Утегенов Еркебулан Какимович

Erkebulan.utegenov@mail.ru

Докторант 3-го года обучения ОП Аналитическая экономика - 8D04106

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан